**«Астана медицина университеті» КеАҚ**
**Басқармасының шешімімен**
**БЕКІТІЛГЕН**
**202 5 жылғы «16» қазан**
**№ 23 хаттама**

# ЕРЕЖЕ

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

# «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

**Е-АсМУ-12-01-25**


«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТҮПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТІРКЕУ № 8
«20» қазан 2025ж.


**Астана қ.**

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

**Кіріспе**

| | |
|---|---|
| **1. ӘЗІРЛЕГЕН:** | Оқу-әдістемелік бөлімі |
| **2. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:** | Оқу-әдістемелік бөлімнің бастығы Б.С. Имашева |
| **3. ЕНГІЗІЛДІ:** | Оқу-әдістемелік бөлімі |
| **4. БЕКІТІЛДІ:** | «16» қазан 2025 ж. № 23 хаттамамен |
| **5. ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** | «16» қазан 2025 ж. |
| **6. КЕЛІСІЛДІ:** | Академиялық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі<br>А.К. Досанова<br>Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.Д. Шакенов<br>Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі З.Т. Шульгау<br>Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.О. Мысаев<br>Басқарушы директор, Басқарма мүшесі<br>Қ.Б. Иманберді<br>Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы М.Е. Тукбекова<br>Аккредитация және сапаны басқару департаментінің директоры А.Б. Жунусова<br>Бақылау, құжат айналымы және мемлекеттік тілді дамыту департаментінің жетекші маманы М.К. Тлешева |
| **7. ҚАЙТА ҚАРАУ ЖИІЛІГІ:** | Қажеттілік туындаған жағдайда |

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

**МАЗМҰНЫ**


| | | |
|---|---|---|
| 1. | Жалпы мәліметтер | 4 |
| 2. | Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 3. | Міндеттер мен құзыреттер | 5 |
| 4. | Қызметті ұйымдастыру | 5 |
| 5. | Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату | 6 |
| | Келісу парағы | |
| | Өзгерістерді тіркеу парағы | |
| | Таныстыру парағы | |


Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

## 1. Жалпы мәліметтер

1. Осы ереже «Астана медицина университеті» КеАҚ жанындағы «Денсаулық сақтау» - даярлау бағыты бойынша Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің Оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘК ОӘБ) жанындағы Сараптамалық кеңестің (бұдан әрі - Сараптамалық кеңес) міндеттерін, құзыреттерін және қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

2. Сараптамалық кеңес:

1) білім алушыларға, бакалавриат, интернатура, резидентура түлектеріне тәуелсіз бағалау жүргізуге арналған емтихан материалдарына;

2) Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беруге ұсынылған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарына сараптама жүргізуге көмек көрсету үшін құрылған кеңес беру органы болып табылады.

3. Тест тапсырмаларына сараптама жүргізу жөніндегі сарапшыларға қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының (ҚР) медициналық жоғары оқу орындарының, ҚР денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың оқытушы-профессорлар құрамы;

2) мамандығы бойынша кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі (міндетті түрде);

3) мемлекеттік және орыс тілдерін білу (міндетті түрде);

4) ағылшын тілін білу (мүмкіндігінше);

5) тест тапсырмаларын жасау әдістемесі бойынша курстардан өткені туралы біліктілігін арттыру жөніндегі сертификаттың болуы (міндетті түрде).

4. Ғылыми-медициналық сараптама жүргізуге тартылатын сарапшыларға қойылатын талаптар:

1) ҚР резиденті;

2) ғылыми дәрежесінің/атағының болуы;

3) ғылыми-медициналық сараптама объектісі ұсынылған ғылыми зерттеулер саласындағы жұмыс тәжірибесі;

3) Scopus/Web of Science/Google Scolar деректер базасы бойынша 1-ден жоғары Хирша индексінің болуы.

5. Сараптамалық кеңеске кандидаттарды Жобаларды басқару топтары хаттамалық шешім негізінде ұсынады және Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестік (РОӘК ОӘБ) сарапшыларының базасына енгізеді.

6. Сараптамалық кеңестің мүшелері таңдаған төраға осы кеңесті басқарады.

7. Сараптамалық кеңес мүшелері өз өкілеттіктерін өтеусіз негізде орындайды.

8. Сараптамалық кеңестің отырыстарында қабылданған шешімдер ұсынымдық сипатта болады және хаттама түрінде ресімделеді.

9. Сараптамалық кеңес қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді РОӘК ОӘБ жүзеге асырады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

10. Осы ереже:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы №319-III «Білім туралы» Заңында;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №562 «Кадрларды даярлау және олардың қызметі туралы ережені бекіту бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және оқу-әдістемелік бірлестіктерді құру туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 08 тамыздағы №400 бұйрығында;

3) «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі туралы ережеде жазылған талаптар мен қағидаттарды ескере отырып әзірленді.

11. Сараптамалық кеңес өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-239/2020 «Ғылыми - медициналық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын және осы ережені басшылыққа алады. Сарапшылар - тиісті лицензиялардың және (немесе) аккредиттеу туралы куәліктің болуы негізінде ғылыми-медициналық сараптама жүргізуге тартылатын жеке және заңды тұлғалар.

## 3. Сараптамалық кеңестің міндеттері мен құзыреттері

12. Сараптамалық кеңестің негізгі міндеттері: білім алушыларға, бакалавриат, интернатура, резидентура түлектеріне тәуелсіз бағалау жүргізу үшін емтихан материалдарына сараптама жасау болып табылады.

13. Сараптамалық кеңес өз міндеттеріне сәйкес мынадай қызметті жүзеге асырады:

1) Сараптамалық кеңес қызметінің басым бағыттарын айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

2) емтихан материалын сапалы қамтамасыз ету үшін тест тапсырмаларын сараптауға қатысады;

3) РОӘК ОӘБ үшін емтихан материалын сараптау саласындағы мәселелер бойынша жалпы қорытынды дайындайды;

4) РОӘК ОӘБ тапсырмасы бойынша Сараптамалық кеңес мүшелерінің емтихан материалын сараптауға қатысуын қамтамасыз етеді.

5) Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беруге ұсынылған оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды сараптау.

14. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін оқулық басылымдарын қараудың негізгі кезеңдері:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-239/2020 «Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және ҚР Денсаулық сақтау вице-министрінің 23.07.2021 жылғы №439 «Ғылыми - медициналық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ҚР ДСМ Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамыту ұлттық ғылыми орталығында оқулық басылымына ғылыми-медициналық сараптама жүргізу;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

2) «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ материалдарды қарау және шешім қабылдау.

## 4. Сараптамалық кеңестің қызметін ұйымдастыру

15. Сараптамалық кеңес өз қызметін Сараптамалық кеңестің жалпы және мамандандырылған отырыстары нысанында жүзеге асырады.

16. Сараптамалық кеңес мүшелерінің ағымдағы қызметін ұйымдастыру үшін секциялар мен уақытша ұжымдар (комиссиялар және жұмыс топтары) құрылады.

17. Сараптамалық кеңестің мамандандырылған (тақырыптық) отырыстары РОӘК ОӘБ қызметінің жекелеген мәселелері бойынша өткізіледі.

18. Сараптамалық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

19. Сараптамалық кеңестің шешімдері отырысқа қатысқандар санының көпшілік даусымен қабылданады және сараптама актілері рәсімделе отырып, тиісті отырыстардың хаттамаларымен рәсімделеді.

20. Сараптамалық кеңестің жұмысын Сараптамалық кеңестің төрағасы, сондай-ақ РОӘК ОӘБ бекітетін Сараптамалық кеңес төрағасының орынбасарлары ұйымдастырады.

## 5. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

21. Университеттің осы Ережесін қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату Университеттің «Құжаттаманы басқару» (БС-АсМУ-02) стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Осы Ереженің түпнұсқасы Аккредитация және сапаны басқару департаментінде тіркеледі және сақталады.

23. Осы Ереженің сканерленген нұсқасы Оқу-әдістемелік бөлімде сақталады және Университет сайтында «Оқу-әдістемелік бірлестік» қосымша бетінде орналастырылады.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

## Келісу парағы

| № | Лауазымы | Тегі, аты-жөні | Келісу парағына қол қойылған күн | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Академиялық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі | А.К. Досанова | 16.10.25 | [signature] |
| 2. | Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі | А.Д. Шакенов | 16.10.25 | [signature] |
| 3. | Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі | З.Т. Шульгау | 16.10.25 | [signature] |
| 4. | Басқарушы директор, Басқарма мүшесі | Қ.Б. Иманберді | 15.10.25. | [signature] |
| 5. | Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы | М.Е. Тукбекова | 16.10.25. | [signature] |
| 6. | Аккредитация және сапаны басқару департаментінің директоры | А.Б. Жунусова | 14.10.25. | [signature] |
| 7. | Бақылау, құжат айналымы және мемлекеттік тілді дамыту департаментінің жетекші маманы | М.К. Тлешева | 14.10.2025 | [signature] |
| 8. | Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі | А.О. Мысаев | 15.10.25. | [signature] |

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

| № р/с | Өзгеріс енгізілген беттің (парақтың) нөмірі | | | | Барлығы ___ бет | Стандарттың өзгеріс енгізуге негіз болған бөлімінің, кіші бөлімінің, тармағының нөмірі | Өзгерістер енгізген тұлғаның қолы | Өзгеріс енгізілген күн |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өзгертілген беттер | Ауыстырылған беттер | Жаңадан қосылған беттер | Күші жойылған беттер | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

**Таныстыру парағы**

| № р/с | Лауазымы | Тегі, аты-жөні | Танысқан күні | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады